



АУРУХААНИШІЛІК ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ ЭПИДЕМИЯҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР

Дайындаған:

Топ:

Тексерген:

АУРУХАНААШІЛІК ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУЫ

- Ауруханаішілік инфекцияның таралуы екі түрлі жолмен жүреді:
 1. Ауа тамшылы
 2. Жанасу

Инфекцияның негізгі таралу факторларына: қол, ауа, көптеген сыртқы ортаның объектілері (киім, таңу заттары, құрал жабдықтар және т.б.)



АУРУХАНАШІЛІК ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУЫ

- Қазіргі таңда экзогенді инфекцияның ауа тамшылы, жанасу арқылы және имплантациялық түрлерінің алдын алуы үшін нақты мәлеметтер анықталды. Бұл шаралардың негізгі мақсаты инфекцияның жараға және организмге түспеуін қамтамасыз ету. Экзогенді инфекцияны барлық жағдайда алдын алуға болады және ол медицина қызметкерлінің білімі мен біліктілігіне байланысты.



- Операциядан кейінгі іріңді асықынулармен күресі және алдын алу үшін санитарлық гигиеналық кешен шараларын ұйымдастыру арқылы инфекциялардың бөлінуі мен таралу жолдарын тоқтауға болады.



- Емдік профилактикалық мекемелердегі медицина қызметкерлінің негізгі міндеттерінің бірі ауруханаішілік инфекцияның пайда болуына байланысты ескертумен жүретін алдын алу шараларымен күресу жолдары жатады. Науқастардың антибиотиктерге резистенттілігі микроорганизмдерді жұқтырып алуы мүмкіншілігін төмендету, науқасты толық тексеру және операцияға дейін стационарда болуын қысқарту.



- Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу мыналарды көздейді:
- дезинфекцияны, жәндіктермен, кеміргіштермен күрес жөніндегі іс-шараларды уақтылы жүргізу;
- медициналық бұйымдар мен жабдықтарды стерильдеу алдында өңдеу және стерильдеу
- оқшауланған пациенттермен емдеу кезінде контаминацияланған материалмен және биологиялық сұйықтықтармен жанасудан аулақ болу немесе қолғап кию, қолғапты шешкеннен кейін қолды бірден жуу, егер ол төгіліп немесе құлап кетсе, жұқтырған материалды дереу тазарту және ол ластанған беттерді дезинфекциялау жабдықты қолданғаннан кейін зарарсыздандыру,
- Кәдімгі хирургиялық маскалар жеткілікті қорғаныс бермейді. Тыныс алу типіндегі арнайы маскалар аэрозоль арқылы берілетін инфекциядан, әсіресе туберкулезден қорғай алады.



- Қолғап шырышты қабықтармен, зақымдалған терімен, қанмен немесе басқа биологиялық субстраттармен, ықтимал немесе анық ластанған микроорганизмдермен жанасуы мүмкін барлық жағдайларда кию керек.
- Операция алдында шашты алып тастауға болмайды, егер операция алаңының жанындағы немесе айналасындағы шаштар оны жүргізуге кедергі келтірмесе. Егер оларды алып тастау қажет болса, онда бұл операция алдында депиляторларды (кремдер, гельдер) немесе теріні зақымдамайтын басқа әдістерді қолдану
- Операциялық аймақтың терісін оқшаулау үшін стерильді парақтар, Сүлгілер, майлықтар қолданылады. Сондай-ақ, арнайы кесілген хирургиялық пленканы микробқа қарсы жабындымен қолдануға болады.
- Инъекциялық өрісті өңдеу инъекция (тері астына, бұлшықет ішіне, көктамыр ішіне және басқаларға) және қан алу орнында құрамында спирт бар тері антисептигінің көмегімен теріні залалсыздандыруды көздейді.



- Персонал кез келген пациентпен жұмыс істеу кезінде эпидемиологиялық сақтық шараларын сақтауы тиіс.
- Қолғапты пайдаланғанына қарамастан, пациентпен байланысқанға дейін және одан кейін, қолғапты шешкеннен кейін және қанмен, биологиялық сұйықтықтармен, секрециялармен, бөлінділермен немесе ықтимал контаминацияланған заттармен және жабдықтармен жанасқаннан кейін қолды гигиеналық өңдеу жүргізіледі.
- Пайдаланылған инелерге қалпақшаларды кигізуге тыйым салынады. Пайдаланғаннан кейін инелері бар шприцтер тесілмейтін контейнерлерге тасталады.
- Пациенттерді қарауды қолғаппен және бір рет қолданылатын алжапқышпен жүргізеді.
- Персонал қолды алкоголь бар тері антисептикімен жұқтырған науқастарды тексергенге және таңуға дейін ғана емес, одан кейін де өңдейді.

